



## Премьер-министрдің жұмыс сапары

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов Жетісу облысына жұмыс сапары аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысып, АӨК, өңдеу өнеркәсібін және туризмді дамыту, экономикаға қосатын үлесін арттыру үшін ШОБ-ты қолдау шаралары бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.**



Өңірде Үкімет басшысына Алакөл ауданы Үшарал қаласының әуежайында реконструкциялау нәтижесінде ірі әуе кемелерін қабылдай бастаған ұшу-қону жолағының жұмысы туралы баяндалды. Нысан туристік ағынның өсуін ескере отырып, туризмді дамыту үшін ерекше маңызға ие. Бүгінде Астана, Алматы, Талдықорған қалаларына рейстер орындалады. Биыл әуе рейстерін субсидиялауға 653 млн теңге бөлінді, бұл құны 8-18 мың теңге болатын 20 мыңға жуық билетті сатуға мүмкіндік берді.

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Президенттің биылғы маусым айында туризмді дамыту бойынша өткен кеңесте берген шағын авиацияны дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында өткізу қабілеті сағатына 75 жолаушыны құрайтын Үшарал қаласы әуежайының қосымша терми-

налы құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатқанын баяндады. Қазіргі инфрақұрылымды ескере отырып, нысандар сағатына 125 жолаушыға қызмет көрсететін болады. Жалпы, өткен жылы өңірге 2 млн демалушы келген, 17 жаңа туризм нысаны іске қосылып, 3,5 млрд теңге жеке инвестиция тартылған. Туризм саласын одан әрі дамыту үшін Үкімет басшысы инвестиция тарту және тиісті инфрақұрылым құру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Жартыжылдық қорытындысына сәйкес Жетісу облысының қысқамерзімді экономикалық индикаторы 110,7%-ды құрады. Мәселен, сауда-саттық көлемі 23%-ға, құрылыс жұмыстарының көлемі

– 33,8%-ға немесе 1,3 есеге, байланыс – 7,5%-ға артты.

Жалпы, өңір әлеуетін агроөнеркәсіп кешені, өңдеу өнеркәсібі және логистика құрайды.

Облыс экономикасы құрылымындағы АӨК үлесі 15,2%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығындағы өсім биылғы қаңтар-маусым айларында 1,2%-ды көрсетті. Саланы дамыту үшін 2022 жылдан бері пайдаланылмай жатқан 1,2 млн гектар жер анықталып, мемлекет меншігіне қайтарылды, оның 800 мың гектардан астамы ауыл шаруашылығы айналымына тартылды. Суару желілерін қалпына келтіру және инновациялық агротехнологияларды қолдану арқылы

дақыл өнімділігін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Әкімдіктің мәліметінше, егін жинау науқанын ескере отырып, сала көрсеткіштерінің өсуі күтілуде.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов биыл өңірдің АӨК саласын қаржыландыру көлемі ұлғайтылғанын атап өтті.

Шағын және орта бизнес несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды арттыруға 23 млрд теңге қаражат аударылды. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдікпен бірлесіп, ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу секторын дамытуға баса назар аудару тапсырылды.

(Жалғасы 2-бетте).

## Спортшыларға құрмет көрсетілді

**Сарқан ауданында соңғы жылдары спорт саласы ерекше қарқынмен дамып келеді. Мемлекет тарапынан қолдау да қамқорлық та ерекше сезіледі. Жыл сайын әрбір ауылдық округте заманауи үлгіде футбол алаңдары салынып, көптеген өзге де спорттық нысандар пайдалануға берілуде. Салаға деген жанашырлықтың нәтижесінде соңғы уақытта өңіріміздің атын биік спорт бәсекелерінде шығарып жүрген жерлестеріміз көбейді. Халықаралық, әлемдік спорт додаларында топ жарып жүрген жастарымыз баршамыздың мақтанышымыз.**

Өткен аптада спорт күніне орай аудандық мәдениет үйінде салтанатты шара ұйымдастырылып, спорт саласының өкілдеріне құрмет көрсетілді.

Шара бастауында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев барша спорт сүйер қауымды айтулы мерекемен құттықтап, саладағы өркенді өзгерістерді тілге тиек етті.

Өңіріміздегі жаңадан салынып жатқан спорттық нысандар, оның ішінде Алматы ауылы мен аудан орталығында бұрын соңды болмаған дене шынықтыру - сауықтыру кешендері бой көтеретіндігін сүйіншілеген Ғалымжан Қанатұлы - ауданымызда спортпен жүйелі түрде 15510 адам шұғылданады, бұл дене шынықтыру және спортпен айналысатын аудан халқының 39,1% құрайды. Ағымдағы жылы аудан спортшылары

Әлем, халықаралық, республикалық және облыстық жарыстарда 370 медаль, оның ішінде: 157 алтын, 96 күміс және 117 қола медаль жеңіп алып, аудан мерейін үстем етті. Солардың қатарында, бокстан Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы, ауданымыздың тумасы Сыдық Аяжан, ауыр атлетикадан Перу мемлекеті, Лима қаласында өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Құрманбек Ақжол, велоспорттан Азия чемпионатының қола жүлдегерлері Заам Евгения мен Саркулова Алина, пара дзюдо күресі бойынша Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрдаулетұлы Асылан, еркін күрестен Азия чемпионатының күміс жүлдегерлері Үзембаев Абылайхан мен Алмасұлы Нұрәли, джиу джитсудан Азия чемпионатының жеңімпазы Байгерім Ерасыл сынды спортшыларымыз бар. Өрине,



мұның бәрі қажырлы еңбектің және білікті жаттықтырушылардың жұмысының нәтижесі, олардың қатарында: джиу джитсудан Хабдулин Жандос, Бабашева Зауре, ауыр атлетикадан Жаманқыз Нұрболат, еркін күрестен Балабеков Дастан, волейболдан Әмірғалиев Олжас, қол күрестен Қадырбаев Қуаныш, Рысбаев Еділ, грек рим күресінен Маганбетов Маулен және тағы да жоғары дәрежедегі жаттықтырушылар бар,- деп спортшылардың ерен еңбегін атап өтті.

Бұдан соң аудан басшысы өңір абыройын қорғап жүрген спортшылар мен

бапкерлеріне, ардагер спортшыларға құрмет грамотасы, алғыс хаты мен сыйсияпатын табыстады. Мерекелік шарада салада ұзақ жылдар табысты қызмет атқарған Садыбаев Мурат Кумекбаевичке Сарқан ауданының «Құрметті азаматы» атағы табыс етілді.

Салтанат соңы Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған мерекелік концертке ұласты.

П.ЖЕҢІСХАН.

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Олжас Бектенов Мемлекет басшысының Жетісу облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты.

Өңірде ЖӨӨ үлесі 11,2% құрайтын өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша қолда бар өндірістік көрсеткіштерді кеңейту және толық қуатқа шығару жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған шаралар «Алацем», «Қайнар АКБ», «Алмаз Керамикс», «ASMA Industrial», «SSA Feed Mills», «Майями Солар», «Суффле Қазақстан уыт зауыты», «Ақсу қант зауыты» ЖШС қамтиды. Сондай-ақ бұған дейін тоқтап тұрған «Жетісу Мажико агрокешені» кәсіпорнын іске қосу жұмыстары пысықталуда.

Облыста 29 мыңнан астам адам жұмыс істейтін, 554 өнеркәсіп кәсіпорны (оның ішінде 11-і – жүйе құраушы кәсіпорын) бар. Биыл 1,5 мыңнан астам жұмыс орнын құрып, 58 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.



Жалпы, жыл басынан бері 1,4 есе өсіммен 136,6 млрд теңге инвестиция тартылды, оның ішінде жеке инвестициялар 2 есеге – 103,5 млрд теңгеге дейін артты. 2024 жылдың соңына дейін 375 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарланған.

Үкімет басшысы жаңа өндіріс орындарын ашу үшін инвесторларды тарту

жұмысын күшейтуді тапсырды.

Экономикаға инвестиция тартудың негізгі факторы – инфрақұрылымды дамыту бойынша қабылданған шаралар.

Биыл «Талдықорған – Үшарал» (287-615 км) және «Сарыөзек – Көктал» (45-68 км) республикалық маңызы бар автожол учаскелері пайдалануға беріледі. Сондай-ақ «Лепсі – Балқаш көлі» (0-27

км) автожолында жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Жыл аяғына дейін «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автомобиль жолының 90 шақырымы асфальтпен жабылады, қалған 15 шақырымына 2025 жылғы туристік маусымға дейін төселеді. Биылғы жоспар – 182 шақырым облыстық маңызы бар жолдар мен 54 елді мекеннің ішкі көшелерін жөндеу. Жалпы, жыл соңына қарай облыста екінші және үшінші санаттағы 336 км жол ашылды, бұл жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық маңызы бар автожолдардың үлесін 93%-дан 95%-ға дейін арттырады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйін жақсартудың оң динамикасы атап өтілді. Мәселен, Жетісу облысы құрылған сәттен бастап күрделі жөндеу мен жаңасын салуды талап ететін әлеуметтік нысандар орта есеппен 50%-ға жаңартылды. Бұған қоса, жыл соңына дейін өңірде кемінде 349 мың м2 тұрғын үй салу жоспарда бар. Халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтары үшін 866 пәтер сатып алуға 13,4 млрд теңге қарастырылған.



2024 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін аз қамтылған, көп балалы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық қолдау көрсету мақсатында оқу жылының басына дайындық кезеңінде «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізіледі.



## 80 млн теңгеге жуық көмек көрсетілді

Бүгінде 79 млн. 838 мың 982 теңге сомасына 3 460 балаға қайырымдылық көмек көрсетілді.

Жетісу облысы жаңа оқу жылына дайын. Бүгінгі таңда өңірде 791 білім беру мекемесі, оның ішінде 401 мектепке дейінгі ұйым бар.

«Өткен оқу жылында мектепті 128 906 оқушы аяқтады, ал жаңа 2024-2025 оқу жылында 129 мыңнан астам оқушыдан асады, оның ішінде 13 мыңнан астамы бірінші сыныпқа барады», - деп бөлісті облыстық Білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов.

Өңірде барлығы 5 білім беру нысаны салынуда, оның 2-уі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынуда. 1 нысанның құрылысын 2025 жылы аяқтау жоспарлануда.

Облыстың 316 мектебі 100% бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйелері 91 мемлекеттік балабақша мен 21 колледжде де жұмыс істейді.

Облыстың 48 мектебінің асханаларын жаңғыртуға жергілікті бюджеттен 77,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жасалған шарттар шеңберінде жұмыстар жүргізілуде.

«Оқу материалдарына жедел қол жеткізуді, мектеп ғимаратына кіруді қамтамасыз ететін және тамақтану үшін төлем құралы болып табылатын оқушыларға арналған сәйкестендіру карточкалары жүйесін іске қосу» жүйесіне қосылу үшін 69 мектептің тізімі ұсынылды. Осы мақсатқа 195 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда облыс мектептерінде аппараттық-бағдарламалық кешен орнатыла бастады», - деп толықтырды Жетісу облысы Білім басқармасының басшысы.

## Мейірімге толы «Мектепке жол»

Дәстүрлі «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы ағымдағы жылдың 1 тамызы басталған болатын. Акцияның басты мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін әлеуметтік көмек көрсету болып табылады. Шапағаты мол шара 30 қыркүйекке дейін жалғасады.



Жуырда «Жастар» саябағында аталмыш акция аясында қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Ұйымдастырушылар көпшілік жүретін алаңға шатырлар тігіп, үстел-орындықтар қойып, сатушыларға қолайлы жағдай туғызды. Жәрмеңке барысында аудандық кәсіпкерлер оқуға қажетті құрал-жабдықтарды, киім-кешектерді және өзге де қажетті заттарды кең көлемде әрі базар құнынан әлдеқайда арзан бағада ұсынды. Шараны аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев аралап, бағаларды көзбен көріп қайтты.

- Ең қажет деген заттарды сатылымға шығарып тұрмын,- дейді жеке кәсіпкер Меруерт Нанбаева. - Мысалы, дәптерді 20 теңгеден, қатты қапты күнделіктерді 500 теңгеден сатып тұрмын. Өзге де қажеттіліктер қолжетімді бағада. Өздеріңіз де байқағандай тұтынушылар көп. Жәрмеңке барлығымызға тиімді.

- «Мектепке жол» акциясы аясында түрлі мекемелер мен демеушілерге қатынас хат жолдап, бастаманың мән-маңызын түсіндіріп жатырмыз. Өрине, барлығы ерікті түрде. Қазіргі таңда тек қана демеушілердің өзі 14 млн теңгенің қаражатына мектеп заттарын алып берді, - дейді аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнәр Серікбаева. - Ал аудан бойынша оқушыларға кеңсе тауарлары, мектеп формасы, спорттық киім, аяқкиім тағы басқа заттар сатып алуға жалпыға бірдей білім беру қорынан 92 млн теңге қарастырылған. Бұл қаржы халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 2331 балаға, нақты алғанда әр балаға 43 мың теңге көлемінде тиісті қажеттіліктер алуға жұмсалады.

Аниматорлық кейіпкерлер әсем әуен аясында келушілердің көңілін көтерді. Қаншама балаларға шапағатын, жүрек жылуын сыйлаған, мейірімге толы «Мектепке жол» әлі де жалғасын таба береді.

П.ЖЕҢІСХАН.

# Мемлекеттік қызметті сапалы жаңғырту

Мемлекеттік қызметтің беделі ол халықтың билікке деген сенім білдіру деңгейі және мемлекеттік органдардың басқару қызметін бағалауы. Халық алдындағы басты міндет – жұртшылықтың талап-тілегін ескеретін, қоғамның сұранысына толыққанды жауап бере алатын ашық, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

Мемлекеттік қызметші әділетті, ар-ожданы биік, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерін заң шеңберінде шешуі басты талап.

Мемлекеттік қызметшіге жүктелген міндет - Отанды дамыту мақсатында адал қызмет ету және халықтың сенімін ақтау. Ал, мемлекеттік қызметшінің халық үніне құлақ асатын, қоғамның сұранысына толыққанды жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті білгір маман иесі болуы қажет. Сондықтан, мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметке іріктеу жауапты әрі маңызды жұмысы.

Азаматтар үшін мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімі барынша ашық жүргізіледі. Яғни, мемлекеттік қызмет саласына жұмысқа орналасу тәртібі бойынша мемлекеттік лауазымға бекітілген біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері мен денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті азаматтар қабылданады.

Ал, мемлекеттік лауазымға тағайындалу бірнеше кезеңнен тұрады:

"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеу тәртібі; "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуден өту, бұл кезеңде болашақ қызметшінің жауабындағы ашықтылық пен шындық деректерінің деңгейі 50 пайыздан кем болмауға тиіс, эссе жазу және мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өту.

Мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімін жеңілдету, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Е-қызмет» жүйесін жаңғыртылып, осы жүйенің сыртқы порталында мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі дайындалды және конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды.

Жаңа формат үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа, барлық кезеңдерде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. Адами фактордың ықпалын болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде дербес деректерді құпияландыру, анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында үміткерлер ID нөмірленеді және тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етіледі.

Конкурс рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды: "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеу тәртібі (Тестілеу жүргізілетін нормативтік құқықтық актілердің саны екі есеге, яғни 9-дан 4-ке дейін қысқартылды); "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік ла-

уазымына орналасуға жеке қасиеттерін бағалау; мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау; эссе жазу; мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өту.

Жаңа іріктеу жүйесі 2023 жылдың 1 наурызынан бірқатар мемлекеттік органда сынақтан өткізіліп, бүгінгі күні ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына іріктеу мен орналасуға конкурс өткізудің жаңа форматы 50 мемлекеттік органда жүргізілуде. Болашақта іріктеудің осы жаңа жүйесі барлық мемлекеттік органдарға енгізіледі.

Сонымен бірге, еліміздегі әр өңіріндегі мемлекеттік органдардағы бос лауазымдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайтында (www.gov.kz) орналастырылады. Егер, үміткер тестілеуден сәтті өткен жағдайда аталған сайтқа кіру арқылы өзіне қажетті бос лауазымдармен танысып, мемлекеттік органдарға құжаттарын жолдай алады. Бүгінде мемлекеттік қызметке кіру үшін кандидаттарға электронды түрде құжаттарын тапсырып, әңгімелесуге онлайн түрде қатысу мүмкіндігі берілген.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жастарға үнемі үлкен сенім білдіреді. Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызмет саласына білікті әрі талантты жастарды тарту бойынша тапсырмасын орындау аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен жаңа тәсілдер әзірленді.

Осы тапсырмаға байланысты мемлекеттік грант аясында жоғары оқу орындарын жақсы нәтижемен (GPA

3,33 – тен жоғары) аяқтаған түлектер бір жылдың ішінде аудандық, ауылдық деңгейдегі төменгі және басшылық емес лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындалу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл бағыт білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдетіп отыр.

2023 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарын грант арқылы оқып, үздік нәтижемен аяқтаған 18 жас түлек Жетісу облысының мемлекеттік органдарына конкурстық қабылданды.

Бұл бастама еліне қызмет ету жолында өзгерістердің бастауы бола алатын жастарға барынша қолдау көрсету болып табылады. Еліміздің жастары - білімді, алғыр, инновациялық ойлай алатын маман ретінде мемлекеттік қызмет саласында мемлекеттік қызметші келбетіне сай жаңа буын болып қалыптасуда.

Мемлекеттік қызмет саласына келетін әрбір азамат елге қызмет етудің маңызды ерекшелігін саналы түрде сезініп, халқымыздың игілігі жолында ерқашан адал ниетімен еңбек етуі қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің жоғары құндылықтарды ұстануы өзінің ішкі ерік-жігерімен, қалауымен орындалса ғана саналы өзгеріс іс жүзінде орын алмақ. Ал саналы өзгеріс – мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болмақ.

Мемлекеттік қызметші билік пен бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Ал, халықтың жергілікті билікке деген сенімі артып, мемлекеттік қызметшілер адалдық пен жауапкершіліктің биігіне шыға білгенде ғана екі арадағы көпірдің ел игілігі үшін тиімді болатыны ақиқат.

**Б.ШАРИПОВА,**  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

## Жауапкершіліктен жалтарғандар жазаланады

Соңғы уақытта мүлік, көлік және басқа да салықтарды уақытында төлемейтіндердің көбеюі көңіл қынжылтады. Білместікпен уақытын өткізіп алатындармен қатар саналы түрде бірнеше жыл қатарынан мемлекет алдындағы борышын өтемейтіндердің барлығы жасырын жайт емес. Осы орайда Сарқан ауданында жеке сот орындаушылары тәртіп сақшыларымен және басқа да мүдделі құзырлы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырады. Аталған шаралардың мақсаты әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу. Өсіресе, ірі көлемде қарызы бар азаматтардан мәжбүрлі түрде айыппұлдарын өтету.

Нәтижесінде жауапты қызметкерлердің бірлесе орындалған жұмыс өз жемісін беріп, мемлекет қазынасына қомақты қаржы өндіріп алынады. Сондықтан осындай шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Осындай шаралар барысында көптеген жайттар анықталып, жауапкершіліктен жалтарып жүргендер құрықталады. Негізінен салық төлеуден жалтарып жүргендер. Ал алимент төлемдері бүгінгі күні ең маңызды мәселе деп айтар едім. Қарызы, борышы бола тұра көлікпен емін-еркін жүреді. Нақты жайттар анықталғаннан кейін борышкердің көлігі айыппұл тұрағына қойылады. Сондықтан, аудан аумағында сайрандап жүрген осындай көліктерді анықтау мақсатында ұйымдастырылатын мұндай рейдтердің маңызы зор деп айтуға болады.

Рейдтік шара аясында сондай-ақ профилактикалық бағытта сұхбат жүргізіп, өзіне салынған әкімшілік айыппұлдың төлеу жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізіледі. Нәтижесінде сол уақытта толығымен мемлекет пайдасына өндірілді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша борышты өндіру жұмыстарын жандандыратын мұндай шаралар аудан аумағында тұрақты түрде өткізілетін болады.

**А.ИМАНДУСАНОВ,**  
Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.



## Карантинге жатқызылған өнімдергі тасымалдаушылардың назарына

ҚР АШМ АӨК МИК Сарқан аудандық аумақтық инспекциясы тарапынан өсімдіктер карантині саласы бойынша төмендегі мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 1 маусымдағы № 211 бұйрығына сәйкес көрсетіледі:

1. "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру"- 2 (екі) жұмыс күнді;
2. "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру"- 8 (сегіз) жұмыс сағаты;
3. "Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу"- 2 (екі) жұмыс күнді;
4. "Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру" – 10 (он) жұмыс күнді құрайды.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтінім бере алады. Сонымен қатар, инспекцияда жеке және заңды тұлғалардың өтінім беру процессін жеңілдету мақсатында «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы да ұйымдастырылған.

Қызметтердің барлығы тегін көрсетіледі. Карантинге жатқызылған өнімдерді шығару және енгізу бойынша туындаған сұрақтар бойынша Сарқан аудандық аумақтық инспекциясына 8(72839-2-10-68) номеріне хабарласып, кеңес алуға болады.

**Ш.ШАҒАМБАЕВА,**  
ҚР АШМ АӨК МИК Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

**Қазақ қашан да еңбекқор, жүрген ортасына адал қадамдарды қадір тұтқан. Олардың өнегелі өмір жолы, қажыр-қайраты бүгінгі жастарға үлгі. Солардың бірі – елінің, замандастарының, туматуыстарының зердесіне терең із қалдырған, бүкіл саналы ғұмырын ауылдың кемелденіп көркеюіне арналған - Амандосов Тоқтарбек Молдахметұлы еді.**

# Жүрегі таза жан еді



Тоқтарбек ағай жүрегі таза, ойы ұшқыр, сөзі мерген кісі болатын. Замандастары оның атын тіке атамай Тоқан дейтін. Ол 1938 жылы Талдықорған облысы Бөрлітөбе ауданы, Мұқан Төлебаев ауылында дүниеге келген. 1955 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматының зоотехнико-малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, оны 1960 жылы тәмамдаған. Еңбек жолын 1961 жылы Бөрлітөбе ауданы «Прибалхаш» қой совхозында мал дәрігері болып бастады. Сарқан ауданында мал басының өсуіне, жалпы ел экономикасының көтерілуіне көп еңбек сіңірген Тоқтарбек Молдахметұлының тәжірибесінің молдығын басшылар бағалаған. 1966-1969 жылдар аралығында Бақалы ауылында мал дәрігері болып қызмет атқарған. 1971 жылы «Прибалхаш» совхозына директор етіп тағайындалды. 1974-1977 жылдар аралығында Бөрлітөбе ауданының мал дәрігерлік лабораториясын басқарды. Шаруашылық жағдайын жақсы білетін азамат мұнда да көзге ілігеді. Ол келген соң шаруашылықтың төрт түлігі өсе бастайды. Енді оны басшылар қай совхоз, колхоздың ісі ақсап тұр, сонда жіберіп отырады. Сонымен қатар 1982-1985 жылдары М.Төлебаев ауылында ауылдық кеңестің (селсовет) басшысы болып қызмет атқарған. Тоқтарбек Молдахметұлы балық шаруашылығын да жетік білетін. Сондықтан оны «Су байлығымен» шұғылданатын елді мекендерге басшылыққа тағайындайды. Осылайша Тоқтарбек Амандосов 1986-1987 жылдары «Красный рыба» колхозының председателі, 1988-1991 жылдары Киров атындағы балық колхозының председателі қызметін атқарды. 1992-1994 жылдар аралығында М.Төлебаев атындағы қой совхозының директоры қызметінде болды. 1994-1996 жылдар аралығында Қарашыған ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. 1996-1997 жылдары «Красный рыба»

өндірістік кооперативінің төрағасы болып қызмет істеді. Амандосов Тоқтарбек Молдахметұлы беделімен зейнеткерлікке шықты.

Өзінің қызмет атқару барысында көптеген құрмет грамоталары мен төс белгілермен марапатталды. Олар: 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жыл толуына орай ерен еңбегі үшін төс белгісі; 1983 жылы «СССР азаматтық қорғанысының үздігі» төсбелгісі; 1985 жылы Талдықорған облысының СССР жоғарғы атқару

тілді, суырып салма ақындық қабілеті бар адам болған дейді көз көргендер. Нұрқия әжей он бір құрсақ көтерген екен. Сол он бір баладан тірі қалғаны Тоқан ағамыз бен Тілеужамал ана. Артынша бауыры Жетпісбек ерді.

Тоқтарбек Молдахметұлының қызмет істеген заманы да, ортасы да ерекше еді. Ол кездегі адамдардың ойында, көңілінде, санасында еліміздің атақ-даңқы шыққан күнмен шарықтап, батқан күнмен қалықтап арта берсін деген бір мақсат қоятын.



кеңесінің шешімімен «Көп жылғы адал еңбегі» үшін төсбелгісімен; 1992 жылы «Құрметті колхозшы» төсбелгісімен марапатталған.

Сонымен қатар 1976 жылдан бастап 1990 жылдар аралығында үнемі аудандық және облыстық советінің депутаты болып сайланды.

Әкесі Молдахмет қарапайым шаруа адамы болған екен. Ұлы Отан соғысына аттанып, содан қайтып оралмапты. Анасы Нұрқия әжеміз өте ақылды, шешен

Сол мақсатты мықтап ұстанған ағамыз ел арасында беделді азаматтардың бірі ретінде танылды. Ата-анасының қамымен берілген ұстамдылығы мен алғырлығы, өз ісіне құштарлығы, оны елге, ауданға, тіпті облысқа да әйгілі етеді. Ар ұятты бойына серік еткен, елінің қамын ойлаған Тоқтарбек ағамыздың өмірі бізге, кейінгі ұрпаққа үлгі – өнеге.

Өзі орысшаға жетік білген, көпшілік алдында сөйлегенде мәйекті пікір айтып, керек жерді дөп басатын. Өзімен қанаттас,

қызметтес болған адамдар ағамыздың жақсылығын еске алып, жасаған игі істерін көпке паш етіп отырады. Оның өзі қатарластарына ғана емес, аға ұрпақ өкілдеріне, бізге жасаған жақсылығы мен қамқорлығы да шексіз еді.

Ол кісінің мемлекет, қоғамдық орындар тарапынан алған арнайы сый – құрметтері ауыз толтырып айтарлықтай. Шын мәнінде Тоқтарбек ағай қай жерде болмасын ұжымның тірегі де, тілеуқоры да бола білді. Ғұлама Әл-Фараби айтқандай: «Елді, ұжымды білімділер басқаруы керек. Көкірегі көр соқыр ондай іске жарамайды», демекші бұл кісі білімге де аса ден қоятын. Ұлыларды ұлағаттап, даналардың ақыл сөздеріне ден қоятын, кейінгіге айта жүретін. Сол кезде оның ойында болашақ ұрпағымыз сол данышпандарымыздай ақылды, парасатты азамат болып өссе деген арманның тұрғаны ниетінен-ақ аңғарылады.

Тоқан ағамыздың өмірлік қосағы Макиза жеңгеміз де өзіне лайық жар бола білді. Халық даналығындағы «Әйел отбасының алтын қазығы» деуінде үлкен мағына жатыр. Макиза жеңгеміз үйдің ырысын да, берекесін де, тіпті ажар-көркін де келтіріп отырды. Бір сөзбен айтқанда арқа сүйер жары бола білді.

Ата-ананың бойындағы асыл қасиеттердің өз ұрпағына ген арқылы берілетінін біздің дана халқымыз ежелден-ақ нақыл сөздері арқылы айтып кеткен болатын.

«Топырағына қарай дән өседі, тегіне тартып жан өседі», «Тектіден деген терең ұғым, тегіне тартар ұл мен қызын» демекші, қызы Амандосова Гүлнұр да әкесінің үмітін ақтап, мұратын жалғастыруда. Ол Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институтын үздік деген дипломмен аяқтап, кейін социология пәні бойынша магистрлік дәрежеге қол жеткізді. Аталған университеттің дәріскері болды. 2018-2023 жылдар аралығында Сарқан ауданы М.Төлебаев ауылында орналасқан М.Төлебаев атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарды. Қазіргі кезде Сарқан ауданының Қарашыған ауылдық округінің әкімі қызметін абыроймен атқаруда.

Бүгінде Тоқтарбек ағамыздың артында оның ұрпағы мен мол мұрасы қалды. Әйтсе де ағамыз өз уақытында ауылдың ауыз бірлігімен берекесінің алтын дәуірін жасаған тұлға.

**А.АЛЬЧИМБАЕВА,**  
Қазақстан Республикасы Білім саласының үздігі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің доценті.



# Өнер өрінде...

жағасындағы ауылда өскен қарапайым балықшының баласы Еркеғали Рахмадиев – бүгін есімі бүкіл қазаққа, қала берді шет елдерге мәшһүр. Осындай дарынды тұлғаны дәріптеу мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері 2 тамызда «Өнер өрінде...» атты көрме өткізді. Көрме барысында Еркеғали Рахмадиевтың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін құжаттары, кітаптары, суреттері езі қолданған мұралары, жеке заттары, отбасылық тұрмыстық бұйымдары көрермен назарына ұсынылды. Атап айтсақ «Өнер өрінде» атты жинақ КСРО және ҚазақКСР Халық әртісі, композитор, әрі профессор Еркеғали Рахмадиевтің шығармашылық, қоғамдық өміріне арналған. Кітапта қазақ және орыс тілдерінде музыкатанушы ғалымдардың композитор туралы жазған деректері мен ақын, жазушы, журналист, музыкант

замандастарының пікірлері келтірілген. Еркеғали Рахмадиевтің өмір бойғы жары Клара Смағұлқызы Рахмадиеваның «Махаббат толы өмірім» атты кітабында композитор туралы естеліктері мен бірге сүрген отбасылық өмірі туралы қызықты жайттар баяндалған.

Еркеғали Рахмадиевтің Әбіш Кекілбаевтың либреттасына сүйенген «Абылай хан» атты эпикалық операсы. Операның мазмұны – Қалмақ, Қоқан, Хиуа хандықтарынан Отанды, жерді, елді қорғау. Мұнда Бұхар жырау мен Абылай ханның бейнесі операның негізгі тақырыбы. Осы опера жазу барысында қолданған өшіргіші, карандашы қол жазбалары және киген костюмі, жейдесі композитордың сыйлыққа алып кейінірек музей қорына алынған ағаштан жасалған кубок пен Ауғанстаннан Құддыс Қожамияров алып келген желпүші, осымен қатар композитордың азаматтық

және қызметтік жолынан сыр шертетін депутаттық билет, ҚазақССР Жоғарғы Кеңесіне мүшелік куәлігі, Қазақ ССР кинематографисттер одағына мүшелік билеті, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшесі екенін айғақтайтын куәлігі, 2013 жылы композитор дүниеден өткеннен кейін әйелі Клара Рахмадиева жұбайына арнап Япония мемлекетінің «Батика» стилінде суреті көрме мазмұнын аша түсті.

Көрмені Лепсі ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері, кітапхана қызметкерлері және ауыл тұрғындары келіп тамашалды.

Өзі өлсе де, артында өшпестей із қалдырған музыка әлемінің саңлағы, қоғам қайраткері Е.Рахмадиев 2013 жылы 83 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Композитордың музыкасы мен шығармашылығы бүгін мен болашақты, өткенді жалғастырушы алтын буын міндетін атқарып отыр десек те болады. Дарынды тұлғаның өмірі мен шығармаларымен танысқысы келетін әрбір көрермендерді музейге шақырамыз.

**А. ЖҰМАБЕК,**  
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Қазақ композиторларының ішінен өнер биігіне өзгеше өжеттілікпен ұмтылып, сол шығармашылық биігінен өзін жан-жақты көрсете білген еңбекқор суреткерлердің бірі ретінде, ең алдымен, Еркеғали Рахмадиевтің өз есімін атасақ, артық болмас еді. Күні кеше ғана Балқаш көлінің

# ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ ҚҰРЫЛЫСШЫ

Қоғамда әр саланың өзіндік орны мен мәртебесі бар. Әсіресе, еліміздің экономикасына тікелей серпін беретін – құрылыс саласы. Көкпен таласқан зәулім ғимараттардың әрбірінде құрылысшылардың қолтаңбасы бар. Жетісу жерінде құрыш қолды құрылысшылар жетерлік. Солардың бірі – Болат Мұхамеджанов.

Облысымыз осыдан 15-20 жыл бұрын қандай еді? Ал қазіргі көрінісі қандай? Өңірдің қайта түлеп, жаңарып сала бергені құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасы. Осы ретте 15 жылдан астам құрылыс саласында табан аудармай жұмыс істеп келе жатқан кейіпкеріміздің еңбегін айта кеткеніміз жөн. Құрыш қолды құрылысшы еңбек жолында жылу магистральдарын, мұнай құбырларын тартып, үлкенді-кішілі үйлер, модульдік құрылыстар мен әкімшілік ғимараттар салған.

Кейіпкеріміз оқуды тамамдаған соң Отан алдындағы борышын өтеп, әскери салада қызмет етеді. Кейін құрылысшы мамандығына қызығып осы салаға бет бұрады. Бүгінде ол Сарқан қаласы «Мәңгілік ел» көшесінде тұрғын үй кезегіндегі азаматтар үшін салынып жатқан құрылыс нысанында бригадир. Қарамағында 35 адам бар. Құрылысшылар үйлердің сыртын безендіру, сырлау, әктеу, қаптау және терезе жиектерін жасау жұмыстарын жүргізуде.

– Құрылысшы болу оңай емес. Біз



қаламызды дамытып, жарқыратып, әрбір нысанға өң беруге тырысамыз. Мұның барлығы ел игілігі үшін жасалуда. Ал құрылыс нысанында бригадир болу тіптен қиын. Танымайтын адамдармен ортақ тіл табуың керек. Тапсырманы дұрыс қойып, нақты түсіндіру қажет. Біз бір ұжым болғанда ғана жұмыс нәтижелі болады. Алдағы уақытта атқарылатын нақты істер жетерлік. Ойлаған шаруаларымыздың бәрі жүзеге асады деп сенеміз, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, Сарқанда 3 бөлмелі 50 жаңа үй бой көтеруде. Бұл үйді ин-

весторлар өздері салып жатыр екен. Жергілікті әкімдік пен құрылысқа жауапты «TEMIR STROY ALATAU» ЖШС арасында «Тұрғын үй салу, сатып алу» меморандумы жасалыпты.

15 жылын туған жерін түлетуге, қалалар мен елді мекендердің сән-сәулетін арттыруға арнаған құрыш қолды құрылысшыға тұрғындар да дән риза. Тұрғындарға сапалы үй салып, күннің аптап ыстығы мен қақаған аязына қарамастан құрылыс нысанында жүрген жанның еңбегі ерен.

**Айдар ҚАЛИЕВ.**

## Психологияның адам өміріндегі маңызы

Жалпы психология ұғымын қарастыратын болсақ ол жеке бас адамның рухани тұрғыдағы болмысы. Яғни, адамның жалпы жан дүниесі оның мінез-құлқы, жалпы саналық болмысы. Психология қай тараптан қарасақ та адам өмірі үшін маңызы зор болып табылады. Оның қандай маңызы болуы мүмкін? Ол адамның сана сезіміне тікелей әсер етеді, сонымен қатар адамның өз ортасын қалыптастыруға ықпал жасайды. Қазіргі қоғамда адамдардың басым көпшілігі өз өміріне жауапкершілікпен қарайтын болғандықтан психологқа жүгінушілердің қатары толығуда. Оған мысал ретінде психологияға өзіндік үлесін қосып жүрген жандардың бірінің пікірін қарастыратын болсақ. Ол кез келген адамды алдыға жетелейтін негізгі 3 фактор бар деген. 1-іншісі Сенімділік. Адамның миында қалыптасқан шекараны толығымен жою. 2-іншісі Өз бағытын білу. Өзіне нақты не керек екенін анықтап біліп алу. 3-іншісі Бойымыздағы бар қабілетті дамыту. Осы аталмыш 3 фактор арқылы психологиялық тұрғыдан ғана емес тұлғалық тұрғыдан да қалыптасамыз. Адамның ең үлкен үрейі - Өзі. Сол үшін ең алдымен өзімізбен жұмыс істеуіміз керек. Оған жәрдем ететін көптеген кітаптарда бар (В. Синельниковтың "Возлюби болезнь свою" және К.Бекжігітовағың "Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт" т.б) . Бізді айнала қоршаған заттарды біз әртүрлі көзқараспен көруімізге болады. Жалпы адамның миын алдау оңайдың оңайы. Оны Кембридж университетінің психологтары іс жүзінде дәлелдеген болатын. Бұл тәжірибеге сүйене отырып не түйеміз? Жалпы адам не көргісі келеді, не ойлағысы келеді сол нәрсені көреді және ойлайды. Тағы да бір қарапайым мысал біздің бала шағымызда ата-аналарымыз бізге қалаған нәрсемізді емес бізге тиімді нәрсені алуға үйретті. Бұл нәрсе адам баласының болашағына үлкен өзіндік үлесін қосады. Яғни бала есе келе қай жерде болмасын өзіне тиімді нәрсені қарастырады.

Адам белгілі бір тәртіпті қалыптастырғысы келсе оған 70 күн қажет болады. Осы күндер арасында 1-2 күн үзіліс болса ештеңе етпейді, ең бастысы қалаған мақсатымызды ұмытпау. Мен үшін психологияның артықшылығы - ол өмірімізде орын алып жатқан жайттардың барлығын өзіміз қадағалай алуымызға мүмкіндік береді.

Тағы да бір қарастыратын жайт ол адамдар өткенінен сабақ алып және сақтана білу керек. Мысалы біз ғаламтордан бір ақпаратты көріп қалсақ, бірден сене кетеміз. Оның шындыққа жанаса ма жоқ па ода шаруамыз жоқ. Яғни филтрлеуді білмейміз. Сол нәрсені үйренуіміз қажет.

**Индира НУРЖАНОВА,**  
**"К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

## КУДА УХОДЯТ ДЕНЬГИ ГРАЖДАН ЗА ОСМС?



**Где мои взносы на ОСМС, сколько денег собралось в Фонде, сгорают ли деньги, если не обращался в поликлинику? Эти вопросы периодически задают в социальных сетях. Несмотря на то, что система ОСМС действует уже с 2020 года, а информация о ее реализации постоянно публикуется, многие все еще не вникли, куда уходят взносы и отчисления. В Фонде социального медицинского страхования ответили на эти вопросы.**

**Деньги за ОСМС поступают в Фонд соцмедстрахования?**

Многие ошибочно полагают, что платежи за ОСМС поступают в Фонд и он может распоряжаться ими по собственному усмотрению. На самом деле все взносы и отчисления, которые оплачивают граждане, поступают на специальный счет в Национальном банке и их нельзя расходовать на иные цели, кроме оплаты за оказанные медицинские услуги.

**Куда уходят взносы?**

Со специального счета в Нацбанке эти средства направляются медицинским организациям – поставщикам Фонда – строго на оплату оказанных медицинских услуг в системе обязательного социаль-

ного медицинского страхования. То есть, застрахованные граждане получают всю необходимую по показаниям медпомощь, которая входит в перечень ОСМС, бесплатно, а оплачивает за них Фонд социального медицинского страхования.

**Сколько средств поступило за ОСМС?**

От жителей области Жетісу за период с 1 января по 30 июля 2024 года в виде взносов и отчислений поступило 12,5 млрд тенге. Из них отчисления работодателей составили 6,7 млрд тенге, взносы работников 4,4 млрд тенге, другие плательщики (ИП, работники по договорам ГПХ, самозанятые, самостоятельные плательщики) 1,4 млрд тенге.

Эти средства ежемесячно направляются в качестве оплаты за оказанные медицинские услуги в системе ОСМС.

**Можно ли снять свои взносы, если не обращался за медпомощью?**

Система ОСМС является солидарной, а не накопительной. Не имеет значения, обращался ли конкретный человек за медицинской помощью, так как здесь не предусмотрены персональные счета с накоплениями взносов. Казахстанскую модель построили как социально ориентированную, чтобы не ограничивать пациента в объеме и стоимости получаемого

лечения, которое ему требуется по состоянию здоровья.

Рассмотрим на примере. При максимально возможном взносе за год гражданин соберет лишь 204 тыс. тенге (по 17 000 тенге в месяц). Предположим, что эти средства находятся на индивидуальном счете, и пациент может использовать их на лечение по своему усмотрению. Однако на эту сумму он сможет получить ограниченный объем лечения.

Только стандартный набор анализов, проверка гормонов, наличия инфекций обойдется в несколько десятков тысяч. А если необходимо УЗИ, кардиограмма, КТ/МРТ и другая инструментальная диагностика? То есть, накопленных за год взносов может быть недостаточно даже на прохождение полноценного обследования для установления диагноза. Затем может потребоваться посещение дневного стационара или госпитализация в круглосуточный.

Если же будут показания на операцию, а их стоимость достигает нескольких миллионов тенге, то пациент попросту останется без медпомощи. Накопленных средств не хватит, чтобы покрыть стоимость лечения. Такой подход будет невыгоден самому пациенту.

Поэтому в отечественной модели системы ОСМС все средства поступают на единый специальный счет в Национальном банке. А оттуда они направляются на оплату медицинской помощи, оказанной по ОСМС всем застрахованным гражданам, независимо от категории плательщика и размера осуществляемых им взносов.

Перед обращением в больницу вы можете самостоятельно проверить свой статус застрахованности:

через @SaqtandyryBot в Telegram на сайте fms.kz в приложении ksp.kz в разделе «Госуслуги», на сайте egov.kz в разделе «Здравоохранение» через государственную услугу «Предоставление информации об участии в системе обязательного социального медицинского страхования в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов».

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования».**

## Керек кеңес

Жаңа оқу жылы қарсаңында ата – аналардың алдында баланы мектепке дайындау міндеті тұр. Мектеп формасының бар-жоғын әр мектепте бірінші ата-аналар жиналысында өз бетінше нақтылау қажет. Ресми форманы белгілі бір жапсырмалары бар бір жеткізушіден орталықтан сатып алатын мектептер бар. Егер мектепте бірыңғай форма болмаса, орта жолды іздеңіз — ең алдымен балаға ыңғайлы нәрсе.

Баланың денсаулығы үшін дұрыс таңдалған киімнің маңызы зор. Мектеп формасын сатып алар кезде, баланың осы киіммен 5-6 сағат, тіпті одан да көп сағат жүретінін есте сақтау маңызды. Киім өлшемін дұрыс таңдау керек және балаға ол киіммен отырғанда да, жүргенде де ыңғайлы екеніне көз жеткізу қажет. Киім баланың қозғалысына кедергі болмауы тиіс, өте тар болмауы керек, себебі тар юбка немесе шалбар ішті қысып, ауыртатын болады, ал тар жейде мен сарафан тыныс алуды бұзуы мүмкін. Сондықтан, бірінші кезекте, мектеп формасы баланың денсаулығын сақтап, қимыл-қозғалысының еркін болуын қамтамасыз етуі тиіс.

**Мектеп формасын қай матадан таңдаған жөн?**

Білім беру ұйымында ұзақ уақыт болатын баланың киімі техникалық регламенттерге сәйкес биологиялық және химиялық қауіпсіздік талаптары-

на сай келетін табиғи материалдардан тігілуі тиіс. Баланың терісі демалып, аллергиялық реакциялардың алдын алу үшін гигиеналық жақсы қасиеттері бар табиғи талшықтан (жүн, мақта, зығыр, жібек) және вискозадан жасалған матаны таңдау ұсынылады.

Матаның құрамы: киімнің үстіңгі қабаты кемінде 35 % табиғи талшықтан немесе вискозадан; екінші қабаты ретінде астары 100 % табиғи талшықтан немесе вискозадан; блузка мен жейделер кемінде 65 % табиғи талшықтан немесе вискозадан болуы тиіс. Сондай-ақ мектеп формасының қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін ауа өткізгіштігі, электростатикалық өріс кернеулігі және бояуының тұрақтылығы сияқты өлшемшарттар болады.

**Мектеп сөмкесін (оқушылардың сөмкесі, рюкзак) қалай дұрыс таңдауға болады?**

Бірінші сынып оқушысы немесе бастауыш мектеп оқушысы үшін сөмкені таңдау – әрбір ата-ананы алаңдататын маңызды мәселелердің бірі. Өлемдік тәжірибе көрсеткендей, мектеп сөмкесінің (оқушылардың сөмкесі, рюкзак) ауыр болуы балалардың денсаулығына кері әсер етеді.

Арнайы тірегі бар, артқы жағы қатты, омыртқаға түсетін салмақ пен қысымды бірдей бөлетін және

омыртқаны қисайтпай, баланың арқасын түзу ұстауға арналған ортопедиялық ранецті таңдауға кеңес береміз. Иықбаулары ауыр салмақтан баланың иығын қиып кетпейтіндей ыңғайлы материалдан жасалған, жалпақ болуы тиіс, тұтқалары ұзындығы бойынша реттелетін болуы керек, бала оны арқасында тек екі иықбауымен асынуы тиіс, бұл ретте баланың белі мен мойнын қыспауы қажет.

Мектеп сөмкесінің өлшемі мен салмағы баланың бойы мен жасына сәйкес келуі тиіс. Ішіндегі заттарсыз мектеп сөмкесінің салмағы 1 килограмнан аспауы қажет, оқу құралдарымен бірге – ең көп дегенде 10%-нан аспауы тиіс. Мысалы, 1-3 сынып оқушыларының мектеп сөмкесінің салмағы 1,5-2 кг дейін, 4-5 сыныптар – 2-2,5 кг дейін, 6-7 сыныптар – 3-3,5 кг дейін, 8-11 (12) сыныптар – 4-4,5 кг дейін болуы тиіс.

Сонымен қатар сөмкені таңдаған кезде жарықтан шағылысатын арнайы белгілердің болуына көңіл аудару керек, бұл жолдан өту кезінде қауіпсіздік үшін қажет. Жүргізушілер қараңғы түскен кезде немесе нашар жарықтандырылған жерлерде жолдан өтіп бара жатқан баланы



бірден байқайтын болады.

Әрине, мектеп формасын таңдағанда баланың пікірін тыңдау маңызды. Балаға таңдалған модель қаншалықты ұнаса, соғұрлым ол өзін жайлы сезінеді және оны киюге ыңғайлы болады, соғұрлым ол оны киюге қуанышты болады және сіз балаңыздың денсаулығын сақтай аласыз. Сізге сәтті сатып алулар тілейміз!

**Р.ОРЫНБЕКОВА,**  
Сарқан аудандық СЭББ жетекші маманы.

## Бақылау кеңесінің құрамын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Жетісу облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сарқан көпсалалы колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бақылау кеңесінің құрамын тағайындау туралы байқаудың басталғанын хабарлаймыз!

**Мекен-жайымыз:** Сарқан қаласы, Тынышбаева №35 Б. Байланыс номері: 8705 309 35 85; 3-40-51 Ресми сайты - Sarkand\_kol@mail.ru

Негізгі қызметінің сипаттамасы – Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптарда жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуы шарт:

- 1) білім беру саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі;
- 2) білім беру саласындағы Басшы жұмыс тәжірибесі (заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл;
- 3) білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

2. Мынадай:
  - 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
  - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
  - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
  - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

**Құжаттар тізімі:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тіліндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінішінің түп нұсқасын конвертке жапсырады, оны "түпнұсқа" деп белгілейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

**Ішкі және сыртқы конверттер:**

- 1) Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі №35 Б.
  - 2) "Жетісу облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Сарқан көпсалалы колледжі" ШЖҚ МКК Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы және "2024 жылғы 26 тамызда 10 сағат 00 минутқа дейін ашпау" деген сөздерді қамтуға міндетті.
- Конкурстық өтініш Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі №35 Б. мекенжайына мемлекеттік және /немесе орыс тілдерінде жіберіледі.

**Құжаттарды қабылдаудың басталу күні: 2024 жылғы 01 " Тамыз.**

**Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні: 2024 жылғы " 26 " Тамыз.**

**Анықтама телефондары: 8 705 309 35 85; 3-40-51.**

## Объявление о проведении конкурса по отбору членов наблюдательного совета

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Саркандский многопрофильный колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» объявляет конкурс по отбору членов Наблюдательного совета

**Место и дата проведения конкурса:** город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. Тел. 8 705 309 35 85; 3-40-51; Сайт - Sarkand\_kol@mail.ru

Краткое описание основной деятельности вышеуказанных предприятий:

Основным предметом деятельности предприятий является создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений наук и практики.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере образования, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) опыта работы не менее десяти лет в сфере образования;
  - 2) опыта руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместитель) не менее пяти лет в сфере образования;
  - 3) членства в общественных объединениях в сфере образования.
- В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:
- 1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;
  - 2) являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
  - 3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
  - 4) находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

**Для участия в конкурсе, необходимо представить следующие документы:**

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

**Внутренний и внешний конверты должны:**

- 1) быть адресованы город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б.
- 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета ГКП на ПХВ «Саркандский многопрофильный колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» и «Не вскрывать до 10 часов 00 минут «26» августа 2024 года».

**Конкурсная заявка направляется по адресу: город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. на государственном и/или русском языках.**

**Дата начала приема документов – «01» августа 2024 года.**

**Дата завершения приема документов «26» августа 2024 года.**

**Телефоны для справок: 8 705 309 35 85; 3-40-51.**



Табиғат

## Орман өртіне жол бермейік

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек орманшылар мен өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі – бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың жоспары мен сызбасы жасалады.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» аумағында барлығы жоспар бойынша яғни, көлік жолдары, тұрғын үйлер, кордондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын мұнаралар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қауіпі бар нысандар белгіленеді. Сонымен бірге, оған өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастырылуы, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесі жаңартып тұрады, радиобайланыс кезекшілігі ұйымдастырылды, ерікті өрт жасақшыларын дайындалып алдын-ала ескерту жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі кезде «Жоңғар-Алатауы МҰТП» Сарқан филиалының аумағында орман және дала өрттерінің алдын-алу және болдырмау мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жақын орналасқан ауылдық округ, ауыл тұрғындарымен және келуші қонақтарымен сұхбат түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіледі. Филиал аумағында туристік бағыттарының бойында, орманды алқаптарда арнайы орман өртінің алдын-алу және болдырмау мақсатында ескерту аншлаптары, баннерлер мен ескерту тақтайшалары орналасқан. Өр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалдарын тигізетіні анық.

### Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:

- сөндірілмеген шылым не сіріңке;
  - механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.;
  - орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады;
  - орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді;
  - күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырығыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;
- Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

**Құрметті аудан және ауыл тұрғындары!** Өрттің тілсіз жау екенін және өрт болған жерде көптеген шығындар келтіретіні бәрімізге де белгілі. Осыған орай көктем, күз мезгілдері өртке өте қолайлы уақыт.

Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау - бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шалаңды бей-берекет жағудың арты орман-тоғай өртіне айналып кетуі мүмкін.

**Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз керек. Орман-тоғай өрттері орын алған жағдайда 101, немесе 2-12-01, 5-40-31 телефонына хабарласыңыздар.**

М.КУЛЬПЕИСОВ,

Сарқан филиалы Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

## Парк аумағындағы өртке қарсы ережелер

«Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің» басты мақсатының бірі ерекше қорғалатын табиғи аумақты өрттен қорғау. Өрттің алдын алудың басты шарасы өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң ұстану. Ұлттық паркте жыл сайын өрт қауіпі маусымға дайындық айлығы өткізіледі. Өртке қарсы ОӨСС да тіркелген өрт құрал-жабдықтары, қалқандары жаңартылып, толықтырылады. Мемлекеттік инспектор құрамы ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша оқыту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, радиобайланыстың тұрақты болуы, бекітілген кезекшілік кестеге сәйкес тексеріледі. Өрт болған жағдайда техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстырып журналға қол қойдыру қажет.

Өртке қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарланған көлемде минералданған жолақтарға күтім жасалады. Өрт қауіпі маусымда бақылау және рейдтік іс-шаралар өткізіледі.

Егер орманда немесе оған жақын жерде жанып жатқан отты көрген кездегі алғашқы міндет – өрттің өрі қарай ушығып кетпеуіне жол бермеу. Ол үшін отты сөндіріп, жанған жерді мұқият қарап от шоқтарының жоқ екендігіне көз жеткізу қажет. Өртті өз бетінше сөндіру мүмкін болмаған жағдайларда өрт туралы ақпаратты «101», «112» телефон нөмірі бойынша өртке қарсы қызметке, орман қорғау органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына хабарлау қажет. Ормандағы өрт қауіпсіздік қағидаларын сақтау ормандарды өрттен сақтауға кепілдік береді. Өрттің алдын алу – орман өрттерімен күресудің ең тиімді әдісі. Құрметті аудан тұрғындары! Өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамай, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

Ж.ӨМҰРЗАҚҰЛЫ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалы директорының орынбасары.

## Жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік инспектордың басты міндеті

Тұлпардың тұяғы тозатын кең байтақ қазақ даласында табиғаты тамаша, көрікті, әсем жерлері жетерлік. Сондай керемет жерлердің бірін қорғап сақтау үшін Жер жаннаты Жетісу жерінде Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өз қызметін атқаруда. Парктің оңтүстік шекарасы Қазақстан және Қытайдың шекарасымен, күзет аймағымен өтеді. Батыс шекарасы -Үлкен Айдаусай өзеннің арнасымен өтеді, солтүстік шекарасы- солтүстік Желдіқарағай тауының етегімен Сарқан өзеніне дейін, сосын Марқатау тау бөктерімен Тополевка ауылына дейін және жағалай қара жолмен Лепсі ауылына дейін, содан соң тау бөктеріндегі Тентек және Кепелі өзендердің қосылатын жеріне дейін, Безымянный бастауының арнасы арқылы Тентек-2 өзені арнасы арқылы ҚХР мемлекеттік шекарасы аумағына дейінгі жерді алып жатыр.

Парктің басты міндеттерінің бірі парк аумағында мекендейтін жабайы жануарларды қорғау және сақтау болып табылады. Осы мақсатта мемлекеттік инспекторлар заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында жорықтар ұйымдастырады. Жыл сайын парк аумағында мекендейтін жабайы жануарларға санақ жұмыстары жүргізіліп саны есепке алынып отырады. Санақ жұмыстарын нәтижелі болдыру мақсатында фототұзақтар және SMART құрылғылары қолданылуда. Парк аумағындағы санын тұрақтандыру мақсатында жыл сайын биотехниялық іс-шаралар атқарылуда. Көпжылдық метеорологиялық бақылаулардың деректерін талдау негізінде және топырақтың беткі қабатының қату ұзақтығына сонымен қатар өртүрлі аймақтарында тұрақты қар жамылғысының пайда болу кезеңіне сәйкес, «Жоңғар – Алатауы МҰТП»-нің алқаптардағы жабайы аңдарды қысқы азықтандыру кезеңінің ұзақтығы биотехниялық нормативке байланысты №5-ші аймаққа жатады, яғни қыс мезгілінің ұзақтығы 140 күнге созылады. Осы норматив негізінде парк аумағында мекендейтін жабайы жануарлардың санына қарай оттықтар және азық қоры дайындалады.

Осы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде жыл өткен сайын парк аумағындағы мекендейтін жабайы жануарлардың саны артып келеді.

Ж. МОЛДАХАН,

«Жоңғар Алатауы» МҰТП жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің басшысы.



101 ескертеді

## Егін жинау науқанында өрт қауіпсіздігін сақтайық

Қазақстан аумағында жыл сайын астық алқаптарында, астық қоймаларында, жем-шөп қоймаларында көптеген өрт болады, жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, жүздеген тонна жемшөп пен астық, ондаған бірлік астық жинау техникасы жойылады. Көп жағдайда өрттердің себебі астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтамау болып табылады. Біздің алтын өрістерді сақтау үшін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен азаматтар Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауы және орындауы қажет.

Астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері келесі іс-шараларды қамтиды. Егін жинау басталғанға дейін оған тартылған барлық адамдар өртке қарсы нұсқамадан өтуі тиіс, ал жинау агрегаттары, автомобильдер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (барлық типтегі комбайндар мен тракторлар — екі өрт сөндіргішпен, екі найзалы күрекпен және екі сыпырғышпен) жарақтандырылуы, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және қоректендірудің, от алдырудың және майлаудың реттелген жүйелері болуы тиіс; астық пісер алдында олардың орман және шымтезек алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға жанасатын жерлері дөңді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 гектардан аспайтын учаскелерге бөлуден басталуы тиіс. Учаскелер арасында ені 8 метрден кем емес шалғы жасау қажет. Шалғылардың ортасында ені кемінде 4 метр жырту жасалады. Уақытша дала орнақтарын астық алқаптарынан, токтардан және т.б. 100 метрден жақын емес орналастыру қажет. Ауданы 25 гектардан астам жиналатын астық алқаптарына жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқалар дайын болуы қажет. Сабандар мен қалдықтарды жағуға, егістіктерде от жағуға тыйым салынады; астық ағынын ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден, ал астық алқаптарынан 100 метрден жақын орналастыру қажет.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## Қарапайым ережелер өмірді сақтайды

Тұрғын үйлер және пәтердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Сұрапыл апатты құбылыс жылдар бойы жиылған мүліктерді аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкелуде. Көбінесе өртке себепші өздері, олардың көршілері, балалары болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер: тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орна-тылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде темекі тарту салдарынан, сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбегендіктен болып отыр. Егер Сіздің үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе тез арада электр маманын шақырыңыз.

### ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ:

Өртті болдырмау үшін Сізге мынадай өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жөн:

- Электр және газ құралдарын қосуды күйінде қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз;
  - Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз;
  - Электресеппегіштердегі электрсақтандырғыштар зауыттан дайындалған болуы тиіс;
  - Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып электр жүйесіне күш түсірмеңіз;
  - Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз;
  - Сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
  - Белмені жылытуға бейберекет қолдан жасалған электр-жылытқыш құралдарын қолданбаңыз;
  - Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы 101-ге хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау – сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды.

Е.ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.



## Сен туған күн, мерекенен!



Сыныптасымыз, ерен еңбектің иегері, ұлағатты ұстаз, зейнет жасында болса да әлі де қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін **Сүдірбаева Есбала Байболатқызын** 23 тамыз күнгі 75 жастық туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны болады. Бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Осы орайда өнегелі өмір соқпағында кісілік келбеті мен азаматтық тұлғасын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ілкімді істерді үкілеп келе жатқан осынау туған күн иесінің өңірімізде өзіндік орны бөлек.

Мерейлі жасында Есбала Байболатқызына қажымас қайрат, толағай табыс, басына амандық, деніне саулық, отбасына бақ-береке тілейміз!

Құтты болсын, жетпіс бестің белесі,  
Тоқтамасын өмір-көштің кемесі.  
Жамбылдайын жүз жасыңды көрейік,  
Мерейтойлар тойланумен келесі!  
Ізгі тілекпен: сыныптастары.

## Ұстаз есімі жадымызда...

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да ұстаздан білім алған.

Сарқан ауданы Қарауылтөбе ауылының Қарауылтөбе орта мектебінде ұстаздық жолда ұзақ еңбек етіп, өзінің саналы ғұмырында сапалы шәкірт тәрбиелеген құрметті ұстаз, аяулы ана, асыл әже **Сүлейменова Алтынбала Серғазықызын** еске алу жиыны өткізілді.

Ұстаздық жолын Қарауылтөбе орта мектебінің биология, химия пәнінің мұғалімі болып бастап, 40 жылдан астам еңбек еткен құрметті ұстаз білім нәрімен сусындатқан шәкірттерінің жетістіктері мен мектепке сіңірген еңбегі аз емес. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Ұстазымыз Алтынбала Серғазықызы өзінің өнегелі өмірімен өшпес із қалдырды деп сеніммен айта аламыз. Одан білім алған, тәрбие көрген шәкірттері еліміздің дамуына өз үлестерін қосып, ұстаз сенім ақтауда. "Ұстаз есімі- мәңгілік жүрегімізде сақталады" деген сөзбен артындағы балалары мен ағайындарына қайғыра көңіл айтамыз.



Қарауылтөбе орта мектебі ұжымы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

► **Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады.** Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. **Бағасы 22 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.**

► **Жедел түрде 2 бөлмелі пәтер сатылады.** Сарқан қаласы Қабанбай батыр 26/41. Бағасы 5 млн теңге. Қосымша сұрақтар бойынша 8707 768 47 03 ұялы телефонына хабарласуға болады.

► **Есимжанов Серикжан Сабитовичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Бақалы ауылдық округі аумағында орналасқан 132.4000 га көлемді суармалы жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-007-451) №1518999 және 160.6000 га көлемді суармалы жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-007-450) №1518998 уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► 27.03.2024 жылы қайтыс болған **Абанов Кажмухан Еделевичтің** атына жеке нотариус Алиева Асем Избасаровна мұрагерлік іс ашылғандығы туралы хабарлайды. Мұра қалдырушының қайтыс болған күнінен бастап санағанда 6 ай мерзім ішінде мұрагерлер нотариусқа өтініштерін тапсырулары қажет.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

27.09.2024 ж., 11.00 сағ. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 111 мекенжайы бойынша аудан әкімдігінің ғимаратында "Шолқызыл кен орнының құрамында алтыны бар кендердің қорларын құрамдастырылған тәсілмен пысықтау жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына "ықтимал әсерлер туралы есеп" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 1 сағат бұрын енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭК) ұсынылатын болады <https://ecportal.kz/>.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: тел: +77760733337.

"Эколира" ЖШС сізді жоспарланған конференцияға шақырады: Zoom.

**Тақырыбы:** "Aksenger Ltd" ЖШС қоғамдық тыңдауы

**Уақыты:** 27 сент. 2024 11: 00 AM Алматы

Кіру Масштабтау Конференциясы

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSbIX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=71960837491>

Конференция идентификаторы: 772 207 6593

Кіру коды: 123456

Тапсырыс беруші - "AKSENGER LTD" ЖШС Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 108 ғимарат, БСН: 190140020547, Тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: [anuar4eg@mail.ru](mailto:anuar4eg@mail.ru)

**Құжаттаманы әзірлеуші** - "ЭКОЛИРА" ЖШС, Өскемен қ., Потанин к-сі 21-2, БСН: 990340009256, Тел. +7 (776) 073 33 37; эл. пошта: [info@ekolira.kz](mailto:info@ekolira.kz).

Жергілікті атқарушы орган - "Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ,

Тел. +7 (7282) 32-93-83.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында [e-prioda.gov.kz](http://e-prioda.gov.kz).. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 26, e-mail: [prioda@zhetysu.gov.kz](mailto:prioda@zhetysu.gov.kz), Тел. +7(7282)40-03-02.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

27.09.2024 г, 11.00 ч. по адресу Жетысуская область, Саркандский район, г. Саркан, улица Тәуелсіздік 111, в здании районного акимата проводятся общественные слушания по Проекту «Отчет о возможных воздействиях к «Плану горных работ по отработке запасов золотосодержащих руд месторождения Шолқызыл комбинированным способом».

Регистрация участников вводится за 1 час, при предъявлении документа, удостоверяющего личности до начала обсуждения.

Общественные слушания будут проведены в форме открытого собрания.

В случае введения карантинных мер, слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (ЕЭП) <https://ecportal.kz/>.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону: тел: +77760733337.

ОО «Эколира» приглашает вас на запланированную конференцию: Zoom.

**Тема:** Общественные слушания ООО "Aksenger Ltd"

**Время:** 27 сент. 2024 11:00 AM Алматы

Войти Zoom Конференция

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSbIX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=71960837491>

Идентификатор конференции: 772 207 6593

Код доступа: 123456

**Заказчик** - ООО "AKSENGER LTD" Область Жетісу, Саркандский район, Саркандская г.а., г.Сарканд, улица Тәуелсіздік, здание 108, БИН: 190140020547, тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: [anuar4eg@mail.ru](mailto:anuar4eg@mail.ru)

Разработчик документации – ООО «ЭКОЛИРА», г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина 21-2, БИН:990340009256, тел. +7 (776) 073 33 37; эл. почта: [info@ekolira.kz](mailto:info@ekolira.kz).

**Местный исполнительный орган** – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. +7 (7282) 32-93-83.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и на сайте МИО [e-prioda.gov.kz](http://e-prioda.gov.kz)., в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам:

Жетысуская область, 040000, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26, e-mail: [prioda@zhetysu.gov.kz](mailto:prioda@zhetysu.gov.kz), тел. +7(7282)40-03-02.